***Күні: 10.04.20ж***

***Топ: Но-2Б***

***Пән: Әртүрлі жастағы балаларға күтім жасау***

***Тақырыбы: Ата-аналармен жұмыс нысандары***

***Тапсырма: презентациямен жұмыс атқару***

***Үйге тапсырма: Ата-аналармен балабақшада ұйымдастырылатын жұмыс түрлерін қарастыру.***

Үй тапсырмасы бойынша сұрақтар:

1. Әр түрлі жастағы балалармен жұмыс түрлері?
2. Мектепке дайындық жасаудың ерекшелігі және не себепті балабақшада дайындықты қажет етеді?
3. Балабақшада бала еңбек қызметінің түрлері қандай?
4. Баланы жан-жақты қалай тәрбиелеуге болады?
5. Ойын қызметі арқылы баланың еңбекке деген қызығушылығын қалай арттыруға болады?
6. Ата-анамен балабақша ұжымының қарым-қатынасы неде деп ойлайсыңдар?

Ата – аналармен жұмыс- педагог жұмысының ең қиын әрі маңызды бөлігі. Ата- аналардың педагогикалық білімдерінің деңгейін, біліктілігін көтеру және отбасылық тәрбиелеуге көмек, қолдау көрстеуі керек.

Мектепке дейінгі ұйымның өміріне ата- аналарды белсенді тарту үшін жаңа жұмыс жүйесін жасап шығаруымыз керек. Білім беру жүйесін модернизациялаудың жаңа сатысында ата-аналармен педагогикалық қызметтің табысты болуы өте маңызды. Осыған орай ата- аналармен жұмысты ұйымдастыруда, бүгінгі заман талабына сай, заманауй жаңа инновациялық жұмыс түрлерін іздестіруіміз қажет.


Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс формалары
Даралық
Топтық
Бұқаралық
Педагогикалық лекция
Ашық есік
Сұрақ-жауап кеші
Жалпы Ата-аналар жиналысы
Топ ата-аналар жиналысы
Дөңгелек үстел
Жиналыс -диспут


Балабақшаның ата – аналармен жүргізетін жұмысы
отбасы арасындағы ынтымақтастық
өзара көмек пен қолдау
бір – біріне шыдамдылық көрсету
өзара сенім мен құрмет
әрекет бірлігінің тұрақтылығы
Тәрбиеші
Ата-ана

## Ата-аналармен серіктестік құрудағы интегративтік (бірлесіп, ықпалдасып) жұмыс түрлері

| Ойын-сауық | Танымдық | Ақпаратты-аналитикалық | Көрнекі-ақпаратты |
|---|---|---|---|
| Ата-аналармен бірлескен шаралар | Бала тәрбиесіне байланысты атааналардың білімдерін байыту | Отбасы, оның ерекшеліктерін зерттеу | Ата-аналарға барлық ақпартты жеткізу |

«Ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата-аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-қыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке-шеше, үй ішінің, үлкендердің әдептілік танытқаны жөн.


Ата-ана білуі керек
Ата-ана құқығын
Ата-ана міндетін
Бала құқығын
Баланың ден саулығын, тазалығын
Баланың қарым-қатынас ортасын
Баланың икемділігін, бейімділігін
Бала тәрбиелеудегі әдіс-тәсілдерді
Мектеп ережесін

**Ойын**: «Мен бастаймын , ал сен жалғастыр...»

- Тәрбие - ............бесіктен.
- Тәрбиенің ең тамаша мектебі - …………
- Тәрбие-...................басталады
- Әке көрген...........
  Ана көрген ...........
- Бала …………….ақыл,
  Анадан……………..алады.
- Отан - …………………..,
  …………………………- шуақ.
- Отбасының сәні -……………………,
  Достың сәні –…………………..

**Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстағы топ тәрбиешісінің негізгі міндеттері**
**Ата-аналармен тұрақты байланыс орнатуондағы мақсат:**
**– Отбасы мен балабақшаның балаға қоятын талаптарының бірлігін қамтамасыз ету.**
**– Ата-аналар ұжымын құру.**
**– Ата-аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру.**
**топ тәрбиешісі жоғарыда аталған міндеттеріне сай 5 қызметтті атқаруы тиіс.**
**Ата-аналарды сыныптағы оқу тәрбие процесінің мазмұнымен және әдістемесімен таныстыру.**
**Ата-аналармен педагогикалық және психоллогиялық ағарту жұмыстарын ұйымдастыру.**
**Ата-аналарды балалармен бірге әрекетке қатыстыру.**
**Отбасы тәрбиесіне қатысты ата-аналарға педагогикалық-педагогикалық кеңес беру.**
**Ата-аналар белсенділерімен жұмыс және ата-аналардың әртүрлі қоғамдық ұйымдарымен, жұртшылықпен өзара әрекеттесуі.**
**Ата-аналардың өз балаларының жан дүниесін жақсы түсінуі, оларға отбасында дұрыс та тиімді тәрбиелік орта тудыру үшін, бала тәрбиесіне қатысты білімі және біліктерін ұдайы көтеріп отыруы қажеттерін өздері түсінуі тиіс.**

**ҮЙГЕ ТАПСЫРМА:**
**Тақырып бойынша іздену, тақырыпқа сай мақал-мәтелдер жинақтау.**

**Ұсынылатын интернет рессурстары:**

- **https://bilim-all.kz/jospar/1160-Ata-analarmen-zhumys-zhurgizu-zholdary**
- **https://bilimger.kz/мектеп-жасына-дейінгі-балалардың-ата/**
- https://yandex.kz/images/search?text=ата-аналармен%20жұмыс%20нысандары&stype=image&lr=10306&source=wiz

НО-2Б ТОБЫНЫҢ БІЛІМДІ СТУДЕНТТЕРІНЕ

# РАҚМЕТ ! ! !

